

«ТӘУЕЛСІЗДІК - ТІРЕГІМ, ЕЛІМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІМ!» атты форум делегаттарына ЖАЛЫНДЫ СӘЛЕМ!



Құрметті оқытушылар, студенттер!

Сіздерді Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде танытқан Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы мемлекеттік мереке күні Сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, жанұяңызға береке-бірлік тілеймін, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Ректор А. Күрішбаев

ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА

Аймурзаев Бағлан

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУдың
экономикалық факультетінің ЖІЖК төрағасы.



Поздравляем нашу студентку, которая стала первой вице-мисс на конкурсе «Мисс Казахстан» - **Лауру Шамгунову!** Молодец! Мы гордимся тобой! Желаем тебе удачи, успехов!

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің даму жоспарында белгіленген басым бағыттарының бірі – университет студенттерін әлеуметтік жақтан қолдауда сапалы көрсеткіштерге қол жеткізу. Осындай мақсаттарға сәйкес, университет ректоры, профессор А.Қ. Күрішбаевтың бастамасы және қолдауымен 2013 жылы ақпанда университет аумағында студенттер үшін арзан бағамен сатылатын азық-түлік әлеуметтік дүкені ашылды.

2013 жылы наурызда студенттік қалашық аумағында Студенттік емхана өз жұмысын бастады. Қазіргі уақытта студенттерге 3 дәрігер-терапевт, 6 медбике, кардиолог, невропатолог және психологтар дер кезінде білікті медициналық көмек көрсетіп, ем жүргізеді. Емхана қазіргі заманға сай жабдықтармен қамтамасыз етілген. Осы жылдың сәуір айында ашылған әлеуметтік дәріхана да студенттердің жағдайын жақсарту бағытындағы тиімді шешім болды.

Бүгінде барлық студенттік жатақханаларға 204 мб/с жылдамдығымен кампустық генералды жүйе орнатылып, ID TV және ID Phone жүргізілген, бұл жүйе арқылы білімгерлерге Қазақстан бойынша тегін халықаралық сөйлесуді ұйымдастыруға мүмкіндік жасалып отыр.

Университет басшылығы үнемі әр түрлі әлеуметтік санаттағы студенттер жағдайын назарда ұстайды. Студенттер өз ойларын білдіріп, әлеуметтік қорғауды жетілдіруге қатысты ұсыныстаран айтып, барлық бағыттар бойынша сұрақтар қойып отырады. Студенттердің ұсыныстарын ескере отырып, олардың тұрмысын жақсарту бағытында іс-шаралар жүргізіледі. Студенттердің қалауы бойынша, үнемі кітаптар қоры толықтырылады және бірінші кезекте мемлекеттік тілдегі оқу құралдарына сұраныс жасалады.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде білім алып жүрген жастардың 70 пайызы – ауылдық жерден келгендер. Осындай мәселелерге назар аударудың нәтиже-

сінде, тамақтану орындарында кешенді тамақтануға қол жетімді баға белгіленген. Яғни, оқу орнымыздағы студенттік асханаларда 250 теңге көлемінде кешенді тамақтануға қол жеткізілген.

Студенттердің асханалардың қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында өткізілетін акцияларға белсенді қатысып, өзін өзі басқару жүйесі бойынша жұмыс жасайтын Студенттік кәсіподақ ұйымы арқылы өз пікірлерін білдіріп отыруға құқығы бар.

Біздің университетте оқумен қатар студенттердің денсаулығы және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне көп көңіл аударылады. Осы мақсатта студенттердің спорттық секцияларына, бассейндерге және тренажер залдарына тегін баруға «Қазақстан», «Алатау», «Жігер» спорттық кешендері басшылықтарымен келісім жасалған. Қазіргі кезде 50-ге жуық студент аталған спорттық кешендерге тегін кіруге мүмкіндік алған.

Студенттердің салауатты болуы және уақытында медициналық көмек алуы үшін университет барлық мүмкіндіктерді жасауда. Аз қамтылған отбасынан шыққан студенттер үшін медициналық сауықтыру орны жұмыс істейді. Онда медициналық қызмет көрсетудің көп түрлері бар және 3 мезгілдік тегін тамақтану қарастырылған. 2011-2012, 2012-2013 оқу жылының 1 семестрінде 600 студент медициналық орталықта денсаулығын жақсартты.

Студенттерге әлеуметтік қолдауды жүйелі ұйымдастыру мәселесі және студенттердің өмір-тіршілігінің барлық бағыттарын толықтай қамтылуын барынша назарда ұстау аса маңызды. Университет басшылығы, мүмкіндігіне қарай, студенттердің материалдық қиын жағдайына уақытылы жәрдем көрсетуге тырысады. Себебі әлеуметтік қолдау – рухани дамуға жағдай жасауды жалпы адами құндылықтар негізінде іске асыруға бағытталған қызмет.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАСТАР ПАТРИОТИЗМІ



Бауыржан Жақсыбай
Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығының технологиясы факультетінің студенті

біз, жастар, осындай ұлағатты сөздерді санамызға сіңіріп, өз ұлтымызды, халқымызды, Отанымызды сүюді қасиетті борышымыз деп қабылдаймыз.

«Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті», -деп айтқан батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының сөзі қазақ жастары үшін бұзылмас заң болып қалыптасуы керек. Өйткені ел болашағы ретінде жастарға зор сенім артылып отыр.

Қазақстан – қай жағынан алса да, жас мемлекет. Мемлекеттің 5 миллионға жуығы жастар болып табылады. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ жастар мәселесі мемлекетіміздің басты назарында болып, бірталай ауқымды шаралар атқарылды. Мәселен, «Болашақ бағдарламасы», «Жасыл ел», «Жастар – Отанға», «Дипломмен – ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Жас мамандар қоры» т.б бағдарламалар жүзеге асырылып, өз нәтижесін беріп келеді. Біздің тарапымыздан, мемлекетімізде жастар саясатын ары қарай дамытуға қандай үлес қоса аламыз деген сұрақ төңірегінде сіздермен ой бөліскіміз келеді.

Отан алдындағы өлшенбес парызымыз – Отанға қалтқысыз еңбек ету, Сол үшін де ҚАЗАТУ студенттері атынан мен өз ұсынысымды осы ойлармен ұштастыра отырып және жастардың 70 пайызы студенттер болғандықтан, осы қаладағы студенттердің басын біріктіріп, ортақ идея туғызу үшін жұмыс жүргізуге, Отанға деген сенімділікті арттыруға арналған «Студенттер сарайы» салынса деймін. Бұл сарайда талай жастың пікірімен ортақ шешім тауып, «Қазақстан – 2050» стратегиясында межелеген әлемнің дамыған елу елінің қатарына ену бағытында ауқымды істер атқарылар еді. Бұл бір.

Екінші, біз Қазақстанның ауылшаруашылығы саласы бойынша мамандандырылып жатқандықтан, осы саладағы (немесе басқа сала болсын) жастардың ұйымы құрылса, бұл ұйым «Жастардың көзқарасымен» деп аталып, нақты проблемалы істерге араласып, жаңа идеялармен ұштастыру үшін, экспедициялық топ құрсақ, бұдан ауылшаруашылық саласына қосар үлесіміз болар деп үміттенеміз. Әрине, бұл қаржыға келіп тіреледі. Аз шәкіртақымен өмір сүретін студенттің бұндай шараға белсене қоюы екіталай. Сондықтан бұл идеяны мемлекетпен бірігіп отырып жүзеге асырсак.

Біз тәуелсіз Қазақстанның жарқын келешегін, Отанымыздың үмітін ақтайтын, мемлекетіміздің тың саясатын жақтайтын, даму жолындағы барлық мақсатын жүзеге асыратын, биік шыңдарды бағындыратын жас қыранбыз.

Ұлттың тұғыры биік тұлғасы, ақиық ақынымыз Мағжан Жұмабаев:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,


Сөздерінде жалын бар – деп, қазақтың жастарына арнаған жалынды жыр шумағының иесі, біздер, ұлттың мақтанышына, нағыз патриотына айналуды бек мақсат етеміз!

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын.

Қазақ халқы ежелден Отанын, ұлтын, кең даласын сүйген. Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз; Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлылығын, жанын аямайтын патриоттығын, тәкаппарлығын көрсетеді. Олай болса,

СТУДЕНЧЕСКИЕ ОРГАНИЗАЦИИ НАШЕГО УНИВЕРСИТЕТА



Максат Есмагулов
Резидент клуба K-live

Сегодня в Казахском агротехническом университете работают несколько студенческих организаций. Вся их работа направлена на реализацию государственной молодежной политики и создания условий для досуга молодежи. Каждая организация работает по определенным направлениям.

Комитет по делам молодежи является верховной организацией студенческого самоуправления. На каждом факультете имеется свой КДМ, который ведет свою работу только на данном факультете. В свою очередь, все факультетские КДМ объединяет университетский.

[K]LIVE – совсем еще молодая организация нашего университета, которая была создана при пресс-центре. Несмотря на то, что ей всего один месяц, она уже успела себя зарекомендовать на уровне университета и на городском уровне. Основной задачей клуба является вести фото- и видеоотчеты и освещение мероприятий в доступном для студентов молодежном стиле и языке. Организация также занимается проведением различных мероприятий и акций. За этот первый месяц резидентами клуба были проведены такие мероприятия как «Всемирный день борьбы со СПИДом», Республиканский конкурс «Дарында жастар», «Первая научно-культурная выставка технического факультета».

МК «Жас Отан» - основной задачей организации является воспитание в молодежи патриотов своей страны и реализация государственной молодежной политики.

Студенческий Парламент – совет самоуправления университета, который объединяет в себе всех руководителей студенческих организаций.

Студенческий профком – оказывает материальную помощь, следит за социальной защитой студентов. Студенческим профкомом ежегодно оказывается помощь детям из многодетных, малообеспеченных семей и детям сиротам.

16 ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ТУРАЛЫ БІР ОЙ

Думан Асқарұлы

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУдың студенті

1986 жыл 16 желтоқсан қазақ жастарының ұлт-азаттық көтерілісі - Алматы қаласының «Брежнев» алаңында халықтың үкіметке деген қарсы ойларын білдірумен басталып, қарулы күштердің келуімен ұлт-азаттық көтеріліске айналған оқиға.

Қазақ басына төнген қаралы күн 1986 жыл 15 желтоқсанда қазақ елін басқарып отырған Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаев атамизды биліктен алып, орнына өзге ұлт өкілі Геннадий Колбинді билік басына қойған болатын. Сол түні қазақ жастары орталық алаңға жиналып, өз қарсылықтарын білдірді. 16 желтоқсан күні қазақ жастары Алматы қаласының «Брежнев» алаңына келіп жиналып жатты. Қазақ жастарының бар ойы қазақ ұлтын алыстағы, аты шықпаған Колбин деген азаматтың биліктен кетуін талап етіп, «Қазақты қазақ қана басқарсын» деген ұрандарымен «Менің Қазақстаным» әнін шырқап тұрды. Жиналған жастарға бірде – бір үкімет басшылары жауап қатпастан, халықты назарына алмастан, әскер жіберу арқылы жастарды соққыға жығып, темір торға тоғытумен болды. Желтоқсанның суық, әрі ызғарлы күні суатқыш машиналарының мұздай суымен жастарымызды алаңнан қуды. Осындай аласапыран күндерді басынан өткерген қазақ еліміздің өткеніне көз жіберсек, «Егемендік» елдің уысына оңай түспегені анық. Осы 16 желтоқсан оқиғасынан 100-ден астам қазақ жастары жұмыстарынан шығарылды, 99-ы сотталып кетті, 100-ден астам студент жастар оқудан шығарылып, көп жастарды Алматы қаласынан аластатылды.

Ал Қ. Рысқұлбеков пен М. Әбдіқұлов ағаларымыз ату жазасына кесілген еді. Қазақ жастарының көтерілісінен кейін КСРО елінде тұрақсыздық туындап, соңында КСРО елінің ыдырауына әкеліп соқты. Қазақ елі 1991 жылдың 16 желтоқ-

сан күні асқақ арманы егемендігіне қол жеткізіп, әлемдегі тәуелсіз елдердің біріне айналды. 1991 жылы 16 желтоқсан күні ата-бабамыз армандаған бостандықтың ақ таңы атты. Бұл талай тарихтың сынағына шыдап, ұлан-ғайыр жерді мекен еткен атам қазақ не көрмеді десеңізші?! Сонау 17 ғасырда Ресей империясының отарына айналып, қазақтың бірталай жері өзгелерге ортақ болумен қатар, әртүрлі реформалармен халқымыздың жағдайын әбден тұралатты. Ресей отарына қарсы Абылай мен Кенесары хандарымыз, Исатай мен Махамбет, Сырым Датұлы, Амангелді Иманов сынды қазақтың рухы биік батырлары Ресей империясының отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық көтеріліске шықты. Одан кейінгі кезеңді қазағымды білімді, зиялы жандары «Алаш» үкіметін құрып, қазақ халқының егемендігін алуға ұмтылды. Бірақ 1936-1938 жылдары қазақтың зиялы қауымына жала жабылып, репрессияға ұшырады. Жүрегі «қазақ» деп соғатын ұлтжанды азаматтарын өлім жазасына кесті. Бәрінің арманы тек бостандық, егемендік еді. Біз- қазір егеменді еліміздің құшағында өмір сүріп жатқан бақытты ұрпақпыз. Өзіміздің ата заңымыз, әнұран, ту, елтаңбамыз қабылданып, нақты бекітілген шекарамыз бар. Еш алаңсыз, бақытты ғұмырымыздың кепілі болған аға-апаларымызға, ата-бабаларымызға айтар алғысымыз шексіз. Тәуелсіздігіміздің 22 жылын тамаша тартуға толы арайлы таңымен атырып, жүрекке жақсылық ұялатқан қуанышты жаңалықтармен батырып келеміз. Еліміз өркейіп, Астанамыз көркейіп, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақ атын әлемге паш еткізді. Ендігі тілегіміз – өнер-білімнің биігін бағындырған тәуелсіз еліміздің көрер жетістігі мен қуанышын ұзағынан сүйіндірсін!



27 ноября прошло первое мероприятие новой студенческой организации [K]live. Мероприятие было организовано в честь победителей республиканского конкурса «Даринды жастар» совместно с фондом «Үлес 2020» при поддержке Министерства образования и науки РК.

Все прошло просто на «УРА»! Отличное начало на городском уровне для новой молодежной организации. На мероприятии было много уважаемых и знаменитых гостей, главный гость - Маржан Арапбаева.

Хотелось бы от имени нашей организации выразить огромную благодарность всем нашим студентам, которые активно поддержали нас и помогли в проведении концерта!

«АТАМЕКЕН» ТАРИХИ ҮЙІРМЕСІ

Гуманитарлық факультетте Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен халқымыздың тарихын, мәдениетін зерттейтін студенттердің «Атамекен» үйірмесі құрылды. Барлық факультеттің 1-2 курс студенттері «Атамекен» тарихи үйірмесінің мүшесі бола алады. «Атамекен» үйірмесі мына бағыттар бойынша жұмыс атқарады: тарихи, өлкетану және этнология.

«АТАМЕКЕН» тарихи үйірмесінің мақсаты:

-Қазақстан Республикасының тарихи мәселелерін зерттеумен айналысатын дарынды студенттерді іріктеп, олардың ғылыми жұмыстарына бағыт беру;

-ғылыми-теориялық конференциялар ұй-

ымдастыру және оған студенттерді қатыстыру; -студенттер бойында отансүйгіштік, тарихқа қызығушылық сезімдерін арттыру.

Үйірме мүшелері ҚР бірінші Президентінің мұражайымен, Астана қалалық мұрағаты қызметкерлерімен бірігіп жұмыс атқаруда. Президенттің мәдени орталығына экскурсия жүйелі жүргізілуде. Университеттік, қалалық ғылыми-теориялық конференцияларға белсене қатысып келеді. Үйірмеде қазіргі таңда 47 студент мүшелік етеді. «Атамекен» тарихи үйірмесінің жетекшісі – Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. Ш.Н.Саяхимова⁷



ҚазАТУ МАҚТАНЫШТАРЫ



ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ «ДОСТЫҚ» КЛУБЫ

«ДОСТЫҚ» КЛУБЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

Университетімізде қазақстандық патриотизмді дамыту, ұлтаралық татулық пен келісімді жетілдіру, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени тұтастығын нығайту.

«ДОСТЫҚ» КЛУБЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

1. Әр ұлттан дарынды студенттерді іріктеп, оларды ұлттық мәдени-қоғамдық іс-шараларға тарту;
1. Студенттердің отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін арттыру;
2. Қоғамдағы студенттік өмірге қатысты болып жатқан өзекті мәселелерді талқылап, сараптап, пікір алмасып отыру. Басқа оқу орындарындағы клубтармен байланыс орнату.
3. Халық бірлігін нығайтуға үлес қосу, дамыту;
4. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту;
5. Студенттердің арасында іс-шаралар өткізе отырып, олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру, өз ойын жеткізе алу, сөйлеу шеберлігін шыңдау;
6. Студенттің келешекте халыққа қызмет ететін тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын атсалысу.

Клуб мүшелері «Тіл-достықтың кепілі» кездесу кешіне, «Біз-бір отбасымыз» атты тақырыбында дөңгелек үстел, Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бірлігіміз жарасқан» фестивалін өткізуге ат салысып келеді.

«Достық» клубына 22 студент мүше. Клуб жетекшісі – гуманитарлық факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, магистр А.П. Алияқбарова

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты университет бойынша бес күн, 2013 жылғы желтоқсанның 14-нен 18-не дейін студенттер үшін демалыс күндері болып белгіленеді, ал қызметкерлер мен оқытушылар үшін 15,16, 17 желтоқсан күндері демалыс.

В связи с празднованием Дня Независимости Республики Казахстан по университету выходными днями для студентов объявляются 14, 15, 16, 17, 18 декабря 2013 года, а для преподавателей и сотрудников 15,16,17 декабря.

СТУДЕНЧЕСКОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ КАЗАТУ ИМ.С.СЕЙФУЛЛИНА

Адлет Ахметов

Председатель КДМ университета

Идея студенческого самоуправления – далеко не новая, более того, в КазАТУ им.С.Сейфуллина она имеет давние традиции. Мир изменился, развернулись активно процессы демократизации и гуманизации общественной жизни, и вновь проснулся интерес к студенческому самоуправлению, как атрибуту создания условий свободного развития личности. На сегодняшний день в КазАТУ им.С.Сейфуллина студентам по настоящему дана возможность реализовать себя, раскрыть свой потенциал, возможности и способности влиять на положение дел в университете.

Комитет по делам молодежи (КДМ), представляя интересы студентов перед администрацией университета, а также на межвузовском, государственном и международном уровне, организует системную работу и проводит мероприятия по идеологическим, учебно-административным, научным, социальным, бытовым, культурно-массовым, спортивным направлениям общественной жизни студентов.

Комитет по делам молодежи координирует все студенческие организации университета. Основная деятельность КДМ направлена на повышение гражданской активности студенчества,

укрепления деятельности общеуниверситетской структуры студенческого самоуправления на факультетах, создание сильной эффективной команды единомышленников, усилению взаимодействия Ректората со студентами.

Приоритетным направлением деятельности КДМ является улучшение эффективности идеологической работы со студентами, организация информационной и аналитической работы студенческого самоуправления.

Основной задачей КДМ является во-первых, стать условием для реализации творческой активности в учебно-познавательном, научно-профессиональном и культурном отношениях. Во-вторых, стать реальной формой студенческой демократии с соответствующими правами, возможностями и ответственностью. В-третьих, стать средством социально-правовой самозащиты студентов.

В координацию КДМ входит Студенческий Парламент, Альянс Студентов КазАТУ, Студенческий профком, Студенческие Советы общежитий, ячейка Жас Отана КазАТУ. В КДМ КазАТУ работает 15 секторов.

«ЖАС ТҮЛЕК» ЖАС АҚЫНДАР КЛУБЫ

3 желтоқсан күні С.Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Жас Түлек» жас ақындар клубының кезекті жиналысы өтті. «Жас Түлек» клубының төрайымы болып ВжМШТ факультетінің 1-ші курс студенті, жалынды жас акын Нұрмахамбетова Айдын ресми түрде тағайындалды. Жиналыста университеттің қолдауымен таяуда ғана жарық көрген «Отан деп соғар жүрегім» кітабы талқыланды. Ұйымның алдағы күнге қойылған мақсаттарымен таныстырылды, «Жас Түлек» клубының жаңа төрайымы өзінің жаңа жобалар ұсынды.

«Жас Түлек» клубының негізгі мақсаты университетіміздің акын жанды жас студенттерді қатарымызға қосып, шабытын шыңдау болып табылады. Ұйымның арқасында сіздер өз өлең-жырларыңызды, әңгіме-баяндарыңызды республикалық деңгейдегі газет-журналдарға шығарып, университетіміздің баспасынан кітап ретінде де басып шығара аласыздар. «Жас Түлек» клубының есігі сіздерге әрқашанда ашық!!!

Қосымша сұрақтарыңыз болса +7775-938-47-07 телефонымен немесе Aidyn_kz_96@mail.ru электронды жәшігі арқылы Нұрмаханбетова Айдынмен хабарласыңыздар.

Біз әр аптаның сейсенбі күні 17.00-де Биокорпуса 0315 аудиторияда жиналысымызды өткіземіз.

«Менің университетім» газетінің штаттан тыс тілшісі Асқарұлы Думан

БАҚЫТТЫ ЕЛ!

Еркіндіктің тізесіне бас ұрып,
Бозарады, таң атуға асығып.
Зар-наласын аңсары асқақ өткеннің
Тарих қалған тасасында жасырып.

Дала жатыр қазынасын ақтарып,
Қонған елге қойынынан бақ дарып.
Теңдік бізбен ғұмыр кешіп келеді,
Жадымыздың байлығы боп жатталып.

Ұлы көшті даңғыл жолға бастаған,
Елбасының еңбектері – дастан ән!
Бостандықтың белгісіндей шарықтап,
Ел төсінде бой көтерді Астанам!

Атқан сайын егемендік нұр таңы,
Мақтанышпен ән ұранын шырқады,
Еміреніп ел деп өткен боздақтың
Бәсекеге қабілетті ұрпағы.

Әлеуметін алғы көшпен құрып тең,
Жайсаң жұртым, көршісіне күліп кең!
Қандасы ма, өзгесі ме, қарамай,
Бір шаңырақ аясына біріккен!

Жұрт тынықса риясыз тірліктен,
Сүйсінеді, ай сығалап түндіктен.
Кемел жолда ҚАЗАҚСТАН бақытты,
Мандайына НҰРСҰЛТАНдай ұл біткен!

Алдамжарова Нұрбала Жомартқызы
Агрономиялық факультеттің 2-курс студенті



Спешим поздравить нашего студента - ЧЕМПИОНА МИРА 2013 г. по джиу-джитсу!!! Чемпионат проходил с 15 по 17 ноября в г. Посадас (Аргентина).

Марк, с победой!!! Мы все гордимся тобой!!!
Достигай таких же высот!!!



А это - Данияр и Ескархан - гордость нашего Университета

*Wow! Скоро будет фотоконкурс
ПРОЯВИ НАХОДЧИВОСТЬ И ОРИГИНАЛЬНОСТЬ,
участвуй и выиграй приз!!!
Ждем вас и ваши работы в 618 кабинете, пресс-центр.*

Справки по тел.: 8 775 159 18 02



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген.
Баспасөз орталығының директоры Айжан Жұмабаева
Нөмірге жауапты редактор Жаухар Естекбаева

Дизайн және беттеуші Кайырден Зейнелов
Редакцияның мекен – жайы :
Астана қ., Жеңіс даңғылы,62
Байланыс телефоны:
8/71 72/ 39 57 07
Газет ай сайын шығады, таралымы 1000 дана.